# SOZAQ ÚNI

Аудандық қоғамдық-саяси және ақпараттық газет

sozak_uni@mail.ru

www.sozak-uni.kz

№53 (9315)

СӘРСЕНБІ
30 шілде, 2025 жыл

Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады


# 1500 студент мәдениет саласындағы байқаулардың жеңімпазы атанды

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында мәдениет саласындағы білім беру жүйесі жаңа жетістіктерге жеткен. Мәдениет және ақпарат министрлігі дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектептерден бастап, колледждер мен жоғары оқу орындарына дейін айтарлықтай нәтижелер көрсеткенін атап өтті.

Министрлікке қарасты ұйымдардың 30-дан астам білім беру бағдарламасы 5 жыл мерзімге сәтті аккредитациядан өткен. 2025–2026 оқу жылына министрлікке қарасты жоғары оқу орындары мен колледждерге мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында 1647 грант бөлінген.

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы дайындық бағыттары бойынша жоғары оқу орындарының сұраныс рейтингісінде 1-орынды иеленген. Қазақ ұлттық өнер университетіне Күләш Байсейітова есімі берілді.

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің бас ғимаратының қайта жөндеу жұмыстары аяқталды. Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы үшін жаңа жатақхана құрылысының жобасы мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында іске асырыла бастады. Сонымен қатар, инвестициялар есебінен үш жаңа мектеп-интернат салу мәселесі қарастырылып жатыр. Қазіргі заман талаптарына сай жаңартылған мектеп-интернаттардың жобалық құжаттамаларын әзірлеу үшін техникалық тапсырмалар дайындалды.

Алғашқы жартыжылдықта 80-нен астам шеберлік сабақ, 66 көрме, 8 халықаралық фестиваль өткізілген. Сонымен қатар 25-тен астам халықаралық ынтымақтастық туралы жаңа келісім жасалды.

Жоғары оқу орындар, колледждер мен мамандандырылған мектептерде білім алып жатқан 700-ден астам бала республикалық және халықаралық байқаулардың лауреаты атанды. Олардың қатарында:

-Т.Жүргенов атындағы академиясынан 175 студент;

-К.Байсейітова атындағы Республикалық мамандандырылған музыка мектеп-интернатынан 275 оқушы;

-К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінен 122 студент;

-П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінен 15 студент бар.

Биылғы жартыжылдықта ауқымды халықаралық және республикалық іс-шаралар ұйымдастырылды:

-«Tyrki Dunhesi» III Халықаралық студенттік театр фестивалі,

-«ӨРЛЕУ» IX Халықаралық хореографиялық оқу орындары байқауы,

-X EURASIA PIANO FORUM,

-46-Республикалық орындаушылар байқауы.

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы екі халықаралық фестиваль ұйымдастырды. Атап айтсақ, «ULY DALA ЪNI» I халықаралық вокалды-хор музыкасы фестивалі және «КӨНЕ АСПАПТАР ШЕРУІ» ежелгі музыкалық аспаптар фестивалі. Жүргенов атындағы өнер академиясы 8 елдің университеттерімен бірлескен «Playing Memories» халықаралық жобасына қатысып жатыр.

2025 жылдың алғашқы жартыжылдығында мәдениет саласындағы білім беру ұйымдарында білім алатын 1448 өнерпаз республикалық және халықаралық байқаулар мен фестивальдерде жүлделі орындарға ие болған:

-К.Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінен–572 студент;

-Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясынан–127 студент;

-Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясынан- 148 студент бар.

Сонымен қатар 87 жас өнерпаз республикалық байқаулардың лауреаттары атанса, 36 бала халықаралық байқаулардың лауреаты атағын жеңіп алды.

Олардың ішінде:

-III Республикалық «Dialogue of cultures-2025» аспаптық орындаушылар байқауы;

-«Серпер» I Республикалық байқауы;

-«Кантилена» Халықаралық аспаптық орындаушылар байқауы;

-«Дарындылар галереясы» V Халықаралық шығармашылық интернет-байқауы;

-«Fanny Mendelssohn International Competition» Халықаралық байқауы және т.б. бар.

*«Созақ үні»-ақпарат.*



# Медициналық қызмет тарифтерінің өсуі емделу құнына әсер етпейді

ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бұқаралық ақпарат құралдарында халық үшін емдеу құны өседі деген мазмұндағы жаңалықтарға байланысты ресми түсініктеме берді.

Министрлік таратылған ақпараттың бұрмаланғанын атап өтті. Ведомствоның мәлімдеуінше, медициналық қызметтер тарифі бұл мемлекет бекіткен сома, яғни емханалар мен ауруханалар сияқты медициналық ұйымдарға науқастарды емдегені үшін төленетін қаражат. Бұл төлемдер Медициналық сақтандыру қоры арқылы жүзеге асырылады.

«Мәселен, егер азамат медициналық көмекті міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӘМС) жүйесі арқылы немесе мемлекет кепілдік берген тегін медициналық көмек (ТМККК) аясында алса, ол ешқандай төлем жасамайды. Алайда бұл қызмет үшін Медициналық сақтандыру қоры медициналық ұйымға бекітілген тариф бойынша ақы төлейді», делінген хабарламада.

Осыған байланысты министрлік тарифтің артуы халық үшін емделу бағасының өсуін білдірмейтінін нақтылады.

2025 жылғы 22 шілдеде жарияланған Денсаулық сақтау министрлігінің баспасөз хабарламасында («Қоғамдық кеңесте медициналық сақтандыру жүйесіндегі негізгі өзгерістер талқыланды») 2026 жылдан бастап тоғыз негізгі бағыт бойынша тарифтерді көтеру жоспарланып отырғаны айтылған. Бұл тарифтер 2020 жылдан бері қайта қаралмаған және қазіргі кезде медициналық қызметтердің нақты өзіндік құнын толық жаппайды.

Хабарламада тарифтерді өзектендіру стационарлық сектордағы созылмалы қаржыландыру тапшылығын жою және медициналық қызметтердің нақты құнын өтеу мақсатында жүргізіліп жатқаны атап өтілді. Сондай-ақ бұл шаралар медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру және медицина қызметкерлерінің еңбегін әділ бағалау бағытында қолға алынған жүйелі жұмыстың бір бөлігі екені көрсетілді.

Министрлік атап өткендей, азаматтар үшін ТМККК мен МӘМС пакеттеріне кіретін барлық қызметтер бұрынғыша тегін болып қала береді.

# Жас физиктер Францияда 5 жүлде жеңіп алды



Францияның Палезо қаласында 90 елден 400-ден астам дарынды оқушы қатысқан халықаралық физика олимпиадасында (International Physics Olympiad, IPhO-2025) ұлттық құрама екі күміс және үш қола, барлығы бес медаль жеңіп алды.

Күміс жүлдегерлер: Астанадағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 11-сынып оқушысы Әмірбек Азатбеков және Алматы қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің 12-сынып оқушысы Бекасыл Елубай.

Қола жүлдеге қол жеткізгендердің үшеуі де Астана тұрғындары: Атап айтқанда, «Spectrum» халықаралық мектебінің 12-сынып оқушысы Әмір Пшенбаев, NURORDA мектеп-лицейінің 10-сынып оқушысы Нұрғүл Егенбергенова, «Spectrum» халықаралық мектебінің 12-сынып оқушысы Артур Ким.

Оқу-ағарту министрлігінің мәліметінше команданың ғылыми жетекшілері–PhD докторы, Сулейман Демирель университетінің ассистент-профессоры Самат Мақсұтов және халықаралық олимпиадалардың жүлдегері Алишер Еркебаев.

Айта кетелік, физикадан халықаралық олимпиада 1967 жылдан бері өткізіліп келеді және әлемдегі ең беделді пәндік жарыстардың бірі саналады (International Science Olympiads). Қазақстан IPhO олимпиадасына 1997 жылдан бері тұрақты қатысып келеді. Осы уақыт ішінде ұлттық құрама ондаған медаль жеңіп алып, дайындығы мен ғылыми әлеуетінің жоғары екенін дәлелдеп жүр.

# «ШҰҒЫЛАЛЫ ТАҢ» ҚОРЫНЫҢ ҚҰРЫЛҒАНЫНА-10 ЖЫЛ!



Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйінде «Шұғылалы таң» қайырымдылық қоғамдық қорының 10 жылдық мерейтойына арналған «Он жыл, Он белес» атты қайырымдылық кеші өтті.

Ізгілік пен жанашырлық жолында он жылдық белесті артта қалдырған қордың мерейтойлық шарасын аудан әкімінің орынбасары Серік Маманов ашып, жүрекжарды құттықтауын жеткізді. Мерекелік кеш барысында қордың белсенді мүшелеріне аудан әкімінің алғыс хаттары табысталып, қор құрылтайшысы, Түркістан қаласының Құрметті азаматы Дана Орманова аудан басшысының құттықтау хаты мен сый-сияпаты тапсырылды.

Шара аясында ерекше қабілетке ие өнерпаз жандар әсем әндерімен көпшілікті тәнті етті. Қатысушылар тек көрермен ғана емес, нағыз шабытқа толы кештің куәгері болды.

Қор құрылтайшысы Дана Садыққызы сөз алып, қордың он жыл ішінде атқарған ауқымды жұмыстарын атап өтті. Сонымен қатар, мерейтойлық кештің ұйымдастырылуына қолдау көрсеткен аудан басшылығына ризашылығын білдірді.

Айта кетейік, осы уақытқа дейін қор «Жарқыра менің жұлдызым», «Әлемді тең көрген, жүректі тербеген», «Мейіріммен жүректерге нұр толсын», «Жігерлі жүрек» сынды тағылымды жобаларды жүзеге асырды. Қордың басты мақсаты – мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға кіріктіру, олардың өміріне деген сенімін арттырып, өз әлеуетін ашуына ықпал ету.



# АУДАН КӨЛЕМІНДЕ СЕНБІЛІК ЖҰМЫСТАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

Аудан аумағында «Таза Қазақстан» экологиялық шарасы аясында жалпыхалықтық сенбілік өтті. Шараға аудан әкімдігіне қарасты бөлімдер мен бюджеттік мекеме қызметкерлері, кент және ауылдық округтер, сондай-ақ жергілікті тұрғындар белсене атсалысты.

Сенбілік барысында ауыл ішілік көшелер, арық-атыздар, саябақтар, Шолаққорған ауылының аумағы, «Біресек» каналы мен теміржол бойы тұрмыстық қалдықтар мен күл-қоқыстардан тазартылды.

Аудан әкімі Мұхит Тұрысбеков тазалық жұмыстары жүргізіліп жатқан аумақтарды аралады. Қоршаған ортаны таза ұстаудың маңыздылығын атап өтті. Тұрмыстық қалдықтарды ретсіз төгу сынды заңсыз әрекеттермен қоғам болып күресу қажеттігін айтты. Бұл жөнінде жауапты мамандарға нақты тапсырмалар жүктеді.

Айта кетейік, сенбілікке 5000-ға жуық тұрғын мен мекеме қызметкерлері қатысып, 18 техника жұмылдырылды. Нәтижесінде 32 шақырым көше мен 19 шақырым аяқ жол ретке келтіріліп, 270 тоннадан астам күл-қоқыс шығарылды.



# ҚЫЗЕМШЕК КЕНТІНДЕ ЕКІ БІРДЕЙ БАЛАЛАР ОЙЫН АЛАҢШАСЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Қыземшек кентінде балаларға арналған инфрақұрылымды дамыту мақсатында тағы екі жаңа ойын алаңшасы пайдалануға берілді. Бұл жолы заманауи алаңшалар Шұғыла көшесі мен екінші шағын ауданнан салынды.

Ашылу шарасына кент әкімі Марс Әбіл қатысып, тұрғындарды жаңа нысандардың ашылуымен құттықтады. Кент қариялары ізгі тілектерін арнап, алғыстарын жеткізді. Шара аясында балаларға балмұздақтар үлестіріліп, аниматорлар бүлдіршіндерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Айта кетейік биылғы жылы Қыземшек кентінде абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Бұған дейін 1-ші шағын аудандағы 23-үйдің алдында тағы бір балалар ойын алаңы салынған. Сонымен қатар, "Таңбалы тас" көшесіндегі кіші футбол алаңының құрылысы толық аяқталып, пайдалануға берілді.

Қоғамдық қауіпсіздікті арттыру мақсатында кент аумағына 7 бейнебақылау камерасы орнатылды. Көше бойларындағы жарық бағаналары безендіріліп, орталық саябақта жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Мұнда 1 020 шаршы метр жерге тротуар плиткалары төселіп, қоршаулар жаңартылуда.

Жалпы алғанда, 2025 жылы Қыземшек кентінде 9 балалар және воркаут алаңы, сондай-ақ 2 кіші футбол алаңы салынуда.

Алдағы уақытта кенттегі мектепке апаратын жол бойына веложол мен жаяу жүргіншілер жолы төселеді. Сонымен қатар, мектеп маңы мен Геологтар, Жастар, Жетіқоңыр көшелері қиылыстарына жалпы көлемі 612 шаршы метр болатын аяқ жол салу жұмыстары жүргізіледі.

Жарықтандыру бағытында да бірқатар жобалар іске асырылуда. Атап айтқанда, атауы жоқ айналма жол (0,8 км), Сарыарқа көшесі (0,6 км), Шұғыла көшесі (0,5 км) мен Тайқоңыр елді мекенінің Ақжайық көшесіне (1,0 км) көше шамдарын орнату бойынша жобалық-сметалық құжаттамалар дайындалып, құрылыс жұмыстары басталмақ.

Сондай-ақ, Тайқоңыр елді мекенінде футбол алаңшасын салу және қоқыс контейнерлерін орнату жобалары жүзеге асырылуда. Бұдан бөлек, әкімдік ауласын абаттандыру және көгалдандыру және көше атауларын жаңғырту жұмыстары да кезең-кезеңімен жүргізілуде.

***Аудан әкімінің баспасөз қызметі.***

# КҮНДІЗГІ РЕЙД ЖҰМЫСТАРЫ ЖҮРГІЗІЛДІ

Жастар мен жасөспірімдер арасында құқықбұзушылықтың, нашақорлықтың алдын алу және кәмелетке толмаған жасөспірімдердің түнгі мезгілде беймезгіл жүруін қадағалау мақсатында орталық көшелердегі дүкендерде күндізгі рейдтік жұмыстары жүргізілді.



Рейд барысында жеке кәсіпкерлерге түнгі 22:00-ден кейін кәмелетке толмаған жасөспірімдерді заңды өкілдерінсіз ғимаратқа кіргізбеу, оларға мүлдем темекі бұйымдары мен спиртті ішімдіктерді сатуға болмайтындығы жайында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

**Құттықтаймыз!**

# Марапаттарыңыз құтты болсын!

## Ауылшаруашылығы саласының ардагері



Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы ардагерлері Кеңесі қоғамдық бірлестігінің басқарма төрағасының бұйрығымен Шолаққорған ауылының тұрғыны, ауыл шаруашылығы саласында, оның ішінде мал дәрігерлік қызметте 40 жылдан астам уақыт қызмет атқарған ветеринария саласының ардагері Раманқұлов Қыдырбай Данбайұлы «Ауыл шаруашылығы ардагерлері Кеңесі қоғамдық бірлестігінің Құрметті ардагері» төсбелгісімен марапатталды.

* * *

## «Үздік медицина маманы»

Созақ ауданының денсаулық саласына 1993 жылдан бері 32 жылға жуық қызмет атқарып келе жатқан жоғары білімді, білікті маман, ақ желенді абзал дәрігер Айнабекова Гүлмира Тұрдыәліқызы Республикалық «Ел құрметі» қоғамдық қорының шешімімен ауданымыздың денсаулық саласына қосқан үлесі үшін «Үздік медицина маманы» төсбелгісімен марапатталды.

Лайықты марапаттарыңыз құтты болсын!

***«Созақ үні»-ақпарат».***

*Қаңтар айының 24 жұлдызында Үкіметте 2025 жылы ұлттық ауыл шаруашылығы санағына дайындық барысы туралы келелі жиын өткенін бұқаралық ақпарат құралдары беттерінен көрдік. Расында арада сегіз айға жуық уақыт өтті. Одан бері де санақ барсы тыңғылықты пысықталып жатты. Енді 1 тамыздан бастап Қазақстанда ұлттық ауыл шаруашылығы санағы басталады. Бұл ауыл шаруашылығының жай-күйін объективті әрі тұтас бағалауға және осы салада мемлекеттік саясатты қалыптастыру үшін сенімді деректер көзін алуға мүмкіндік береді.  Жоба аясында малы мен құсы бар заңды тұлғалар, шаруа қожалықтары, қалалық жерлердегі саяжай тұрғындары арасында санақ өткізіледі. Сауалнама барысында тұрғындар мал басының, ауыл шаруашылығына байланысты әртүрлі құрылыстар, техникалар сонымен қатар егіс алқабындағы дақылдар жайлы мәлімет беруі тиіс. Айта кетейік оны құжат түрінде растау қажет емес. Жалпы ауыл шаруашылығы санағының мақсаты қандай? Нақты не нәрселер есепке алынады? Халыққа түсінікті болу үшін Созақ аудандық статистика басқармасының бастығы Бегалиев Марат ағамызбен сұқбаттасқан болатынбыз.*



# Ауылдас ағайындар, ауылшаруашылығы санағына дайынбыз ба?

**-Мәке, жалпы сұқбатымызды оқырман қауымға түсінікті болуы үшін ауыл шаруашылығы санағы туралы түсініктен бастасақ?**

-Ауыл шаруашылығы санағы дегеніміз- аграрлық сектордың дамуына болжам жасау және ауыл шаруашылығы саласының қазіргі шынайы жағдайы туралы толыққанды ақпарат алуды көздейді. Бір жағынан пилоттық жоба арқылы санақ әдісін,



ақпараттық жүйелерді сынақтан өткізіп, интернет пен әкімшілік деректердің сапасын бағалау. Пилоттық ауыл шаруашылығы санағы биыл 20 тамыздан басталып 30 қыркүйекке дейін жүргізіледі. Ал негізгі кезең 2025 жылы 1-31 тамыз аралығында интернет желісі арқылы онлайн режимде яғни веб портал, «sanaq.gov.kz» сайтында қолжетімді, халық ерікті түрде тапсыра алады, 20 қыркүйек пен 20 қазан аралығында планшетті пайдаланып елді мекендерді аралау арқылы жүреді. Өткен жылы пилоттық ауылшаруашылығы санағы толыққанды санақ басталғанға дейін, ықтимал кедергілер мен проблемалық аймақтарды алдын-ала анықтау үшін жекелеген елді мекендерде тәжірибе ретінде сыналды. Үкіметте вице-премьер-ұлттық экономика министрі Серік Жұманғариннің төрағалығымен өткен кеңесте Ұлттық статистика бюросының төрағасы Мақсат Тұрлыбаев пилоттық санақтың нәтижесі мен толыққанды санақ басталғанға дейін шешілуі тиіс міндеттер туралы хабарлады. «Пилоттық ауыл шаруашылығы санағының оң нәтижесі ретінде әкімдіктердің санақты ұйымдастыруға және өткізуге белсенді қатысуын, ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерінің санаққа қатысуға жоғары дайындығын және халықтың онлайн-сауалнамаға қатысуының айтарлықтай деңгейін атап өткен жөн. Сонымен қатар қалалық және саяжай аймақтарында сауалнама жүргізудің қиындықтары, интервьюерлерді қажетті материалдармен және құралдармен жабдықтаудың жеткіліксіздігі және жалған ақпарат тарату мәселелері анықталды. Бұл қиындықтар алдын ала болжанды және қазір біз оларды шешу мақсатында жұмыс істеп жатырмыз, -деп атап өткен еді.Жиында қатысушылар респонденттердің бастапқы деректерін жинау және өңдеу, сауалнамалар жасау, интервьюерлерді жалдау, МО БКО арқылы ауылдық және кенттік округтер әкімдіктерінің ҰСБ ақпараттық жүйесіне және басқаға қол жеткізуін қамтамасыз ету мәселелерін талқылады. Кеңес қорытындысы бойынша Серік Жұманғарин 2025 жылғы ауыл шаруашылығы санағына толыққанды дайындалу үшін қажетті тапсырмалар берген болатын. Енді нағыз маусымды жұмысымыз басталды десе де болады. Мемлекет басшысының 2023 жылғы 26 сәуірдегі өкіміне және Үкіметтің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы № 1248 қаулысына сәйкес, 2025 жылғы 1 тамыз бен 20 қазан аралығында Қазақстан Республикасының ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу туралы шешім қабылданды. Ауыл шаруашылығы санағының нәтижесінде ауыл шаруашылығы саласының жай-күйінің егжей-тегжейлі және объективті бейнесі алынады, елдің азық-түлік ресурстарын қалыптастырудағы ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, әрбір санатының рөлі туралы толық деректер алынады. Ауылшаруашылығы санағы-аграрлық сектордың жай-күйі туралы шынайы және жан-жақты ақпараттардың негізгі көзі. Ол егіс алқаптары, мал басы, шаруашылықтардың құрылымы, материалдық-техникалық жарақтандыру деңгейі, еңбек ресурстары туралы деректерді ұсынады.Бұл аграрлық сектордың әлеуетін жан-жақты бағалауға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат негізделген жоспарлау, мемлекеттік ресурстарды тиімді бөлу және тұрақты агроөнеркәсіптік саясатты қалыптастыру үшін маңызды.

**-Санақтың қаржыландыру көздері, санақтың қамтылуы және ауыл шаруашылығы санағын өткізу мақсаты мен міндеттері?**

-Санақтың қаржылануы Республикалық бюджет қаражатынан болады. Санақ қамтылуы Қазақстан Республикасының барлық аумағында өтеді. Ауыл шаруашылығы санағын өткізу мақсаты мен міндеттері:ауыл шаруашылығының нақты жағдайы туралы толық ақпарат алу;

- өнімнің тиімділігін және ауылшаруашылығы өнімінің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық саясатты әзірлеу;

-іріктемелі бақылаулар мен бір реттік жазбаларды жүргізу үшін шаруашылық жүргізуші субъектілердің жалпы санын жаңарту.Ауыл шаруашылығы санағы2025 жылғы 1 тамыздан 31 тамызға дейін 30 күн ішінде арнайы веб-порталда өзін-өзі толтыру әдісімен; сауалнаманы толтырмағандардың тізімін жасау үшін 20 күн ішінде одан әрі өңдеу жүргізіледі. Санақ 2025 жылғы 20 қыркүйектен 20 қазан 30 күн аралығында, санақ қызметкерлерін тарта отырып, жеке әңгімелесу әдісімен және планшеттерді қолданумен жүргізіледі.

**-Санақ субъектілері қандай нысандар бойынша?**

-Заңды тұлғалар және (немесе) олардың құрылымдық және оқшауланған бөлімшелері, дара кәсіпкерлер, оның ішінде мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы және балық шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын шаруа немесе фермер қожалықтары;

Екінші этапта жеке шаруашылығын жүргізуге арналған жер учаскелері (дача, бақша, көкөніс учаскелері) және/немесе ауыл шаруашылығы жануарлары бар үй шаруашылықтары. Жер және егістік алқабы; ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстардың саны; ауыл шаруашылығы машиналары мен жабдықтары; мал шаруашылығы кешендері мен құс фабрикалары; өндірістік ғимараттар мен ауыл шаруашылығы жануарлары мен құстарды ұстауға арналған үй-жайлар; ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтауға арналған ғимараттар мен құрылыстар.

**-Ауыл шаруашылығы деректерін кім пайдалана алады?**

-Ауыл шаруашылығы санағының нәтижелері үлкен сұраныстарға ие. Оны үкімет пен мемлекеттік органдар тарапынан-агроөнеркәсіптік кешен саласында тиімді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және ауылшаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау бағдарламаларын жоспарлау үшін пайдаланады. Ғылыми зерттеу және білім беру мекемелері тарапынан-ғылыми зерттеулер жүргізу, орнықты даму үрдістері мен жағдайларын талдау, ауыл шаруашылығы саласында білікті мамандар даярлау үшін пайдаланады.

**-Бүгінгі таңда осы науқандық жұмысқа тартылған азаматтар қанша?**

-Жалпы еліміз бойынша санаққа 5 мыңнан астам санақ қызметкерлері – нұсқаушыларды, интервьюерлерді тарту жоспарланған. Ал біздің ауданымызға келсек, 6 нұсқаушы, 22 санақшы тартылып отыр. Бірінші этапта 1330 шаруа қожалығы, 45 заңды тұлғалар, 123 жеке кәсіпкерлер жеке кілттерімен онлайн тапсырады. Екінші этап бойынша санақшылар үйме үй жүріп аралап тұрғындардың жерін, техникасын, малын санап шығады. Осы уақытқа дейін бірнеше сабақтар өткізіліп, бірнеше рет пысықтау жұмыстары жүргізілді. Аудан тұрғындарын осы науқандық шараға белсенді қатысуға шақырамын.

**-Сұқбат бергеніңізге рахмет? Жауапты жұмыс саналатын бұл маусымдық жұмыстарыңызға тек сәттілік тілейміз! Еліміздің ынтымағы артып, молшылығы таси берсін!**

-Сізге де үлкен рахмет!

***Сұқбаттасқан:***
***Мақсат ҚАРҒАБАЙ.***



# ӘЛЕМДІК ҮРДІСКЕ
## біз де үн қосамыз

Тәуелсіздік жылдарында Қазақстан әйелдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында гендерлік саясатты жүзеге асыруда бірқатар жетістіктерге жетті.Гендерлік саясат–қазіргі уақытта өзекті мәселелердің бірі. Қоғам өмірінің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Мемлекетімізде гендерлік саясат жүргізу жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасы-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия үйлестіреді. Оның негізгі функциясы –отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты «Қазақстан Республикасындағы Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы» деп аталатын кешенді мемлекеттік саясатты жүйелі түрде іске асыру. Тұжырымдама кезең-кезеңімен жүзеге асырылғанда көптеген нәтижелерге қол жеткізілетін болады. Халықтың репродуктивті денсаулық саласындағы хабардарлығы артады. Балаларды тәрбиелеу процесіне тартылған әкелердің үлесі көбейеді, өмірде қиын жағдайға тап болған отбасыларды анықтау және оларға көмек көрсету жеделдігі ұлғаяды, отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтың қайталанған жағдайларының саны азаяды, кәсіпкерлік саласында әйелдердің қаржылық сауаттылығы артады, биліктің атқарушы, өкілді және сот органдарында, мемлекеттік, квазимемлекеттік және корпоративтік секторларда шешімдер қабылдау процестеріне тартылған әйелдердің үлесі өседі, сондай-ақ, отбасы институтын және гендерлік теңдікті нығайту жөніндегі шаралармен халықты қамту, тағы басқалары артуы тиіс.Оның басты мақсаты – нәзік жандылардың құқығын қорғау.Гендерлік теңдік деңгейі жоғарылаған сайын, отбасы мүшелерінің әрқайсысының тұрмыстық, экономикалық, адамгершілік- тәрбиелік, қорғаушылық және басқа да маңызды функцияларын орындауда жауапкершілігі, тепе- теңдігі де жоғары болатынын түсінуге тиіспіз.Бұдан екі жыл бұрын ел Президенті Қасым- Жомарт Тоқаев «БҰҰ – әйелдер құрылымының» Франция және Мексика үкіметтерімен бірлесіп ұйымдастырған «Ұрпақ теңдігі» жаһандық форумының қатысушыларына арнаған сөзінде гендерлік теңдіктің салиқалы саясаты бойынша әйелдерді қолдаудың жалғаса беретінін айтқан болатын. «Гендерлік мәселені шешу – өңірлік өлшем бойынша еліміздің



сыртқы саясаттағы басымдықтарының бірі» деген Президент Қазақстанның «Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл коалициясы» және «Экономикалық әділдік пен құқық жөніндегі іс-қимыл коалициясы» сияқты екі серіктес бірлестікке қосылатынын мәлімдеді. Бұл – мемлекетіміздің бірқатар міндеттеме қабылдағанын білдіреді. Сол кезде Мемлекет басшысы гендерлік теңдік және зорлық- зомбылықтың алдын алу бойынша озық тәжірибемен бөлісу үшін Орталық Азияда өңірлік білім платформасын құру туралы жаһандық деңгейде бастама көтерді. Осы бағытта өзі бас болып елімізде әйелдердің теңдігі мен қауіпсіздігін қорғауға, олардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуге бағытталған игі істі барынша қолдап келеді.Биыл Халықаралық әйелдер күніне арналған іс-шарада өзінің тапсырмасымен отбасы және гендерлік саясат туралы қабылданған жаңа тұжырымдаманы әйелдердің өзін-өзі дамытуына мол мүмкіндік беруге бағытталғанын жеткізген Президент бастамасы халқымыз тарапынан үлкен қолдау табуда. Себебі, әрбір әйел өз отбасында бақытты, қызметінде табысты, қоғамда белсенді болуға лайықты.Созақ ауданында мемлекеттік отбасылық саясатты жүйелі жүргізуге бағытталған әлеуметтік нысандар қатары толыға түсті. Созақ аудандық полиция бөлімінің отбасылық тұрмыстық–зорлық зомбылықтың алдын алу бөлімі атынан «Отбасын қолдау орталығы» мемлекеттік мекемесінде болып, жұмыс барысымен танысып қайттық.Кездесу барысында "Отбасын қолдау орталығының" директоры Әділ Елібаев тұрмыс тауқыметіне тап болған аналардың қиын жағдайларын еңсеруде, бағыт-бағдар беріп, қолдау көрсетуде мұндай орталықтардың маңыздылығын атап өтті. Өз кезегінде орталықтың бөлім басшысы Біржан Саржанов аталмыш мекемеде көпбалалы, аз қамтылған, зорлық-зомбылық көрген, өмірлік дағдарыс, апатты жағдайға тап болған отбасыларға неке беріктілігін сақтау бағытында құқықтық, психологиялық, әлеуметтік қызмет түрлері ұсынылатындығын жеткізді. Тәртіп сақшыларымен бірлесіп жұмыс жүргізетін бұл орталықтың ішінде кәсіппен айналысамын деген тұрғындарға қысқа мерзімді тігін, шаштараз, аспаз секілді арнайы курстар оқытылады. Сонымен қатар, бүлдіршіндер үшін ойын бөлмелері бар. Мұнда психолог, логопед, социолог мамандар жұмыс істейді. Созақ аудандық "Полиция бөлімінің" «Е есебінде» тұрған тұлғалармен профилактикалық іс-шаралар өткізілді. Іс-шара Созақ аудандық полиция бөлімі Жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының қатардағы полицейі Алиев Беркінмен бірлесіп "Отбасы қолдау орталығының" заң бөлімінің қызметкері Т.Жақсылықов, сондай-ақ психолог мамандар Қ.Ыдырысова мен Ж.Серікова қатысуымен өтті.Полиция инспекторы мен "Отбасы қолдау орталығының" қызметкерлері есептегі тұлғаларға құқықтық түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, олардың әлеуметтік санатына байланысты мемлекеттік қолдау түрлері туралы ақпарат берді. Сонымен қатар, психолог мамандар тарапынан кеңес беру, психологиялық әңгімелесу және психотерапиялық көмек көрсету жұмыстары атқарылды.

"Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы" Қазақстан Республикасының заңын түсіндіру, өмірлік қиын жағдайға тап болған азаматтарға (отбасыларға) қолдау көрсету және "Отбасын қолдау орталығы" мекемесінің көрсететін қызметтерін таныстыру бойынша ауыл тұрғындарымен кездесу өтті. Созақ ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің "Отбасын қолдау орталығы" мекемесінің бөлімше басшылары Б.Саржанов пен Н.Тайбек, психолог маманы Қ.Ыдырысова, Созақ ауданы полиция бөлімінің ОТЗЗҚТ полиция майоры мен Манапова Айжан болып тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуға бағытталған жұмыстарды түсіндіріп, отбасы құндылықтарын сақтап, тату болуға шақырдық. Ауыл тұрғындары тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар айтылып, кері байланыс жасалды.



Созақ аудандық полиция бөлімі Әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшесі мен аудандық әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссияның хатшысы Ысқақова Мереке Пазылбекқызымен бірлесіп республика көлемінде өткізіліп жатқан «Отбасындағы зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты челлендж-флешмоб жобасына белсенді қатысып, бейбітшілік пен татулық құндылықтарын насихаттадық. Челлендж-флешмобты Созақ АПБ бастығының орынбасары, полиция подполковнигі Ерман Нұрәділ Нұрланұлы эстафетаны ашып, мақсатын түсіндірді. Осы Республикалық акцияға атсалысқан ведомствоаралық жұмыс тобын Созақ АПБ бастығының Алғыс хаттарымен марапаттады. Олар облыс көлемінде көрінгендер Ерденова Жансая Қалдыбайқызы, Асқанбекова Айгүл Созақбайқызы, Аманбекова Гульнара Мтсбековна, Конакбаева Макбал Есмурзаевналар болса, аудан көлемінде көрінгендер Сағындықов Әуесхан Әлкенұлы, Керімбай Айгүл Дүйсенбайқызы, Аңшыбай Роллан Батырбекұлы, Серикбаева Айжан Кайратовна, Оразбаева Айкерим Айтбаевна.Аудан мектеп оқушылары, зорлық-зомбылықсыз Қазақстанды және бақытты балалық шақты таңдайтынын ашық білдіріп, әрбір азаматқа бейбіт өмірдің, отбасындағы сүйіспеншілік пен құрметтің маңызын жеткізуді мақсат етті.Осындай іс-шаралар арқылы елімізде әрбір отбасында өзара сыйластық пен сенімді қарым-қатынас орнату, сондай-ақ зорлық-зомбылықты мүлдем болдырмау идеялары кеңінен насихаттап келеді. Осы орайда Созақ ауданының тәртіп сақшылары бұл бастаманың қоғамдағы оң өзгерістерге жол ашатынына сенімді.Өз кезегінде Созақ аудандық полицейлері челлендж эстафетасын Түлкібас ауданының полиция бөліміне жолдап жатты. Сондай біз жұмыстарды алыс ауылдарда да жалғап жатырмыз. Жақында Тасты ауылдық округінде "Тасты мәдениет үйі" кітапханасында "Зорлықсыз қоғам жарқын болашақ" тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Оқушылар мен мекеме қызметкерлері арасында да тақырыпқа сай түсіндірме жұмыстары жүргізілді.Округ кітапханашысы Индира Даулетбакова және жастар маманы Ұлбосын Әмзе баяндама оқыды. Сонымен қатар, аудан көлемінде ағымдағы жылдың 20 сәуір мен 20 маусым аралығында «Отбасында зорлық-зомбылықсыз Қазақстан» атты «STOP BULLYING»челлендж-флешмоб форматындағы ауқымды акцияны да өткіздік. Әрине, бұл жерде қоғамның назарын отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылық проблемасына аудару, сыйластық қағидаттарын насихаттау, отбасында бір-біріне жәрдемдесу қағидасын және ішкі істер органдарына қоғамдық сенімді нығайту болатын. Және де салада жүрген азаматтарымызды да мерекелерімен құттықтауды естен шығарған емеспіз. 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні мен 9 мамыр-Ұлы Жеңістің 80 жылдығы мерекелеріне орай, Созақ аудандық "Отбасын қолдау орталығы" мекемесінің директоры Әділ Елібаев пен құрылымдық бөлімше басшылары Біржан Саржанов пен Нұрхан Тайбекті, аудандық полиция бөлімі отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылықтан қорғау тобының әйелдерге зорлық-зомбылықтан қорғау жөніндегі бөлімшесі атынан мерекемен құттықтап, сый-құрметімізді жасадық. Бұл игі бастамаларымыз алдағы уақыттарда да жалғасын таба беретін болады.

***Айжан МАНАПОВА,***
***Созақ аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызмет бөлімшесінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтан қорғау тобының инспекторы, полиция майоры.***

# АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ- қазақ ұлтының «Феномені» еді

*(Соңы. Басы өткен санда).*

Бұйыртса, биылғы жылы Юнеско бойынша 150 жылдығы тойланғалы отырған Ахмет Байтұрсынұлы жайлы Сәкен Сейфуллин: «Өзге оқыған замандастары тек өз жеке бастарының ғана пайдасын ойлап, ар- иманын сатып жүргенде, Ахмет өз халқының ертеңі үшін басын бәйгеге тікті. Ол- ұлтын шын сүйетін, шын жақсы көретін тұлға еді»- деген екен. Сол, Ахмет Байтұрсынұлы жайлы газетіміздің өткен санында ол кісінің қазақ ұлтының «Феномені» деген ой айтып, сол ойымызға дәйекті дәлелдер келтіріп бастаған едік. Ендеше, әуелі сол қасиеттеріне бұл мақаламызда да бір қысқаша шолу жасап өтсек. Сонымен, Ахмет Байтұрсынұлы: Қазақ тілі менен әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы ғалым. Ақын, публицист-жазушы, түркітанушы, педагог, аудармашы және қоғам қайраткері. Егер, Ахаңның суреттеріне қарап отырсаңыз, оның өз заманының бір интеллектуалы болғанын аңғару қиын емес. 1896- 1901ж.ж аралығында Ақтөбе, Қостанай және Қарқаралы уездерінде екі сыныптық училищелерде оқытушылық қызметтер атқарған көрінеді. Осы жылдар ішінде Омбы қаласындағы училищенің басшысы қызметін атқарып жүріп, патшалық ресей өкіметі бұратана халық етіп танытып келген қазақ халқының санасын ояту мақсатында Крыловтың мысалдарын қазақшаға аударып, газет беттерінде жариялап бастайды. 1905 жылы Қарқаралы жеріндегі атақты «Қоянды» жәрмеңкесінде сол тұстағы қазақ зиялыларымен бас қосып, арнайы петиция жазып шығады. 1905- 1908 жылдары Қарқаралыдағы Орыс- қазақ училищесін қатар басқарады. 1908 жылы саяси көзқарастары үшін Қарқаралы абақтысына қамалады. Ал, 1910 жылы Орынбор қаласына жер аударылған екен. 1911 жылы «Маса» өлеңдер жинағы басылып шығып, сол тұстағы газеттерде жарияланған көрінеді. Осы жылы «Айқап» журналында қазақтың түрлі мәселелері, өкпесі, қазақ жерін алу туралы низамдар, бұйрықтар, бастауыш мектеп, народный сот хақында т.б өзекті мақалалар жариялапты. Ал енді, 1902 жылы араб әліпбиінің негізіндегі алғашқы қазақ әліпбиін, яғни, төте жазуды жасап шығады. «Шора» журналында қазақ шаруасы, шаруашылық жерлері жайлы мақалалары жарияланады. 1918 жылы соған дейін «Қырғыз» атанып келген халқының атауын «Қазақ» атау жөнінде бастама көтеріп, алғаш рет «Қазақ» газетін шығарады. Сондай- ақ, өзі газеттің әрі ұйымдастырушысы әрі басшысы әрі тілшісі қызметтерін атқарады. Міне, осы газеттің 1 санындағы қазақ ұлтына арнаған мақаласын:

«Аталы жұртымыздың адуындағы халқымыздың әруақты атын қайта жаңғыртып, газетміздің атауын «Қазақ» деп қойдық!»- деп аяқтайды. 1925- 1928 ж.ж сол тұста қазақ елінің астанасы болған Қызылорда жұртында тұрады әрі ұлт жұмыстарының көш басында жүреді. Сол жылы қыркүйек айында Қазақ Ұлттық Университетіне профессор атағымен оқытушылық қызметке кіреді. Ал, қараша айында «Еңбекші қазақ» газетінде тұңғыш қазақ университетінің ашылуы жөнінде құттықтау сөзін және қазақ емлесі жайлы мақалаларын жариялайды. 1931 жылы Ресейдің қылмыстық істер бойынша ең ауыр тармағымен айыпталып, ату жазасына кеседі. Бірақ, үкім қайта қаралып, 10 жылға бас



бостандығынан айыру жазасы тағайындалып, екінші рет жер аударылады. 1931- 1933 жылдар аралығанда «Беломор» каналының бойындағы Кривошейн ауданындағы Жукова елді мекенінде, мерзімін өтейді. Осы жылы қазақ зиялыларының араласуымен газет беттерінде: Жауға түскен жан сөзі, Қарқаралыға, Жұртыма тақырыбындағы өлеңдері жарияланады. 1934 жылы «Қызыл крест» қоғамының араласуымен тұтқыннан босатылып, Алматыға қайтады. Осы жылы «Қазақ тілі грамматикасының тарихы» атты еңбегін жазып бастайды. 1934 жылы орталық мұражайға кеңесші боп жұмысқа тұрады. Сол жылдары орыстың суретшісі Хлудовтың қазақ тұрмысы туралы туындыларына: «Заключения по картинам художника Хлудова» еңбегін жазып шығады. Өкiншке орай, Сталин билік басында болған 1925 жылы газет беттеріне жарияланған «Ақ жол» мақаласы үшін Әлихан Бөкейханұлы менен Ахмет Байтұрсынұлы бастаған Алаш арыстарын ұлтшылдыққа айыптап, Жапон тыңшылары деп жала жауып, қуғын- сүргінге ұшыратып, тұтқындап, итжеккенге айдап, атып- асады. Сөйткен Ахмет Байтұрсынұлы да 1937 жылы өлім жазасына кесіледі. Ол кісіге Алланың мейірімі болсын! Мінеки, Алаш арыстарының көсемдерінен бірі Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығына арналған, ол кісінің «Феномен» екендігін сөз еткен мақаламыз да соңына ерді. Бір нәрсе анық, Ахаң жайлы жазған жазбамның әуелі де ақыры да бұл емес екені. Олай дейтінім, Ахмет Байтұрсынұлы тақырыбы газеттің бір-екі санымен бітетін тақырып емес. Бұған осы мақала барысында өздеріңіз де көз жеткізсеңіздер керек. Бұйыртса, биылғы «Юнеско» аясында 150 жылдығы тойланғалы отырған ұлт ұстазының тақырыбына тағы да оралу, тың ақпараттарменен өздеріңізбен бөлісу ниетім де бар. Ахаң жайлы жазып, ол кісінің ғасырлар бойы ұлт, ұрпақ тәрбиесіне азық болар асыл сөздерін келтірмесек, алаш көсемінің аруағына қиянат болар. Сонымен, ұлтқа қызмет етудің білімнен емес, мінезден екенін баса айтып, көрсетіп кеткен қазақ қоғамының «Феномені» Ахмет Байтұрсынұлы ұлтының ертеңі үшін:

«Біздің қазаққа тіру қалу қажет. Ал, тірі қалу үшін- ірі болу қажет. Ірі болмаққа: Біріншіден, білімді. Екіншіден, бай. Үшіншіден, ауызбірлікте болу қажет»- деген екен. Ендеше, еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің болашағы жастарымыз: Білімді, бай әрі ауызбірлікте болсын!- деген нотада бүгінгі мақаламды аяқтаймын! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын, ағайын!

***Данияр БЕК.***

# Біз кімдерді тыңдап жүрміз

Бүгінде адамдар көп қолданатын әлеуметтік желілердің қоғам үшін пайдасы шаш-етектен. Алайда адамзат өміріне құбылыс болып енген бұл жаңа технологиялар интернетте жалған уағызшылардың да өз қатарына адам тарту үшін қолданатын алаңына айналғаны бүгінде ешкімнен жасырын емес.

Осыған орай, елімізде көп адам дін туралы ақпаратты ғаламтордан іздейді. Өйткені мешітке барып дұрыс уағыз-насихат тыңдауға уақыт тапшы, ал кітапты көбі оқығысы келмейді. Сондықтан ең жеңіл жолы – интернеттегі тегін дүниені пайдалану. Алайда ғаламторға салынған барлық діни ақпаратты дұрыс деп айта алмаймыз. Өйткені әлемнің әр түкпіріндегі, соның ішінде еліміздегі деструктивті діни ағымдардың бәрі де түрлі жолын тауып, интернетке өз материалдарын толтырумен айналысып жатыр.

Қазіргі таңда деструктивті діни ағымдардың «ұстаздары» мен «шейхтарын» әлеуметтік желілерден тыңдап, адасып жүрген жастарымыз жетерлік. Деструктивті діни ұйымдардың уағызшылары идеологияларын тарату мақсатында танымал «YouTube», «Телеграм», «Instagram», «TikTok» желілерін көп қолданады.

Әлеуметтік желілерде «Виртуалды Халифат» деген ұғым қалыптасып келеді. Бұл «Виртуалды» қоғамда өмір сүретін адамдар шариғатпен емес, әлеуметтік желілердің жазылмаған заңдылықтарымен жүреді. Сондықтан бүгінгі таңда ақпараттық қауіпсіздік күн тәртібіндегі ең бір өзекті мәселелеге айналып отыр. Деструктивті діни ағымдардың идеологтары ұсынатын контенттер өте әсерлі, қысқа, түсінікті әр түрлі форматта болып келеді.

Мұндай құрбандыққа ұшыраудың басты себебі діни сауатсыздық деуімізге болады. Жастарымыздың діни білімді арнайы оқу ордаларынан немесе ҚМДБ қарасты арнайы ұстаз ғұламалардан емес өздеріне беймәлім әлеуметтік желідегі деструктивті діни ағымды насихаттап жүрген «шейхтардан» алуда болып отыр.

Жоғарыда айтылып өткен мәселелердің алдын алу үшін жастарымызға бірінші кезекте діни білімді қайдан, кімнен алу керектігін, сонымен қатар қандай ұстаздарды тыңдауға рұқсат етілетін мектеп, колледж, университет қабырғаларында үнемі ескертіп отыру қажет.

Ғаламтордағы пиғылы жаман дінбұзарлардың арбауына еріп кетпеу үшін адамға керекті қасиет – сыни ойлау қабілеті.

Қазіргі таңдағы діндi өз мүддесі мен мақсатына қол жеткізу үшін құрал ретінде пайдаланатын «уағызшылар» көп. Ал жастар діни материалдардың дұрыс-бұрысын ажырата алмай әлеуметтік желілерде сағаттап уақыт өткізуі өз кезегінде адасуға алып келеді. Олар аталған парақшаларға тіркеліп қана қоймай, өз достарына да таратады. Сондықтан жасөспірімдер діннің сыртқы формасына ғана емес, ішкі мәніне, құрылысына сыни көзбен мән беруі керек.

Бұл деструктивті діни уағызшылар ғаламторда елді не нәрсеге шақыруда? Қысқаша тоқталсақ, олар мыналар:

Әуелі сайлауға шақыратын демократияны ұстану күпірлік, өйткені демократияда билік Алланың емес, халықтың қолында болады, ал ислам шариғатында билік пен басқарушылық тек жалғыз Алланың иелігінде болуы керек деп түсіндіреді.

Сонымен қатар парламенттік жүйе және ол жердегі заң шығарушы адамдардың барлығы күпірлік іспен айналысып жатыр, өйткені заң шығару бұл Алланың заңынан бас тарту болып табылады.

Құқық қорғау саласында жұмыс жасайтын қызметкерлерді мемлекеттік қызмет атқарғаны үшін кәпір болды деп айыптайды, тіптен ол намаз оқып, ораза ұстаса да дiннен шықты, себебі Алланың заңынан басқа заңмен жүретін мемлекеттің қызметкері деп санайды.

Орта Азия президентерінің бәрі діннен адасып күпірлік жолына түсті, себебі олар Алланың үкімдерінен бас тартып мүртад, кәпір болды. Сол үшін олардың ешқайсысына бағынып мойынсұнбау керек.

Намаз оқымайтын адамға үйленуге болмайды, онымен жақын қарым-қатынас та жасамау керек, себебі Алланың әмірін орындамаған адамнан ұзақ болу керек.

Қазақстан үкіметі «тағут» оның шығарған заңдары күпірлікке негізделген және бұл ел кәпір мемлекет, себебі күні кешегі орын алған көтеріліс, тонау, ұрлық, тағы өзге қылмыстарды пайдаланып мұсылмандарды өлтірді деп айыптайды.

Бұлардың көсемдері мен уағызшылары өздері шет елдерде отырып, елде орын алып жатқан оқиғаны көздерімен көрместен кесіп үкім айтып елді арандатуда. Мұндай теріс діни ағымдардыңқатарына көбіне діни білімі төмен азаматтар қосылып, солардың айтқандарына сеніп, соңында жақтасына айналады.

Қысқаша айтқанда, теріс пиғылды уағызшылар осындай айыптауларын ашық әлеуметтік желі арқылы өз жамағаттарына жаппай жеткізуде және мұндай діни уағызшыларды тыңдаушы жамағат та аз емес. Олар жоғарыдағы айтқандарымен өз жақтастарын әуелі сайлау жүйесі, сосын демократиялық басқару, президент, парламент, полиция, т.б елдің негізгі құрылымдарының барлығын жоққа шығарып, ақыр соңында өз елінен жиіркеніп кетуден басқа жол қалдырмайды.

Бұл мәселе әрбіріміздi ойландыруы тиіс және теріс ағымменен күресте тізе қосып еңбектенуіміздi талап ететіні сөзсіз. Егер әрбір адам біз жоғарыда айтып өткен талаптарды орындаса, ол жат ағымдардың таралуына тосқауыл қойып, жастарымызды өзге идеологияның сойылын соғып кетуден сақтар еді.

***Б.ӨТЕГЕН,***
***Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.***

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Услуги автобазы | тыс. тенге | 1 347,35 | 1 283,19 | -5% |
| Услуги РМС (изготовление не стандартных изделий) | тыс. тенге | 32,12 | 30,59 | -5% |
| Услуги сторонних организаций (по проверки приборов, метрология) | тыс. тенге | 57,15 | 54,43 | -5% |
| Страхование ГПО | тыс. тенге | 33,12 | 33,12 | 0% |
| Командировочные расходы | тыс. тенге | 30,57 | 29,11 | -5% |
| Услуги охрана труда и техника безопасности | тыс. тенге | 600,26 | 571,68 | -5% |
| Материалы на охрану труда и техника безопасности | тыс. тенге | 12,36 | 12,36 | 0% |
| Спецодежда | тыс. тенге | 219,21 | 208,77 | -5% |
| Повышение квалификации | тыс. тенге | 77,99 | 77,99 | 0% |
| Налог на имущества и отчисления в фонд охраны природы | тыс. тенге | 432,91 | 432,91 | 0% |
| **Расходы периода, всего** | **тыс. тенге** | **2 243,45** | **2 041,50** | -9% |
| Заработная плата адм. персонала | тыс. тенге | 1 109,62 | 1 080,80 | -3% |
| Социальные отчисления | тыс. тенге | 111,54 | 97,27 | -13% |
| Обязательное медицинское страхование | тыс. тенге | 22,19 | 21,62 | -3% |
| Командировочные расходы | тыс. тенге | 43,46 | 43,46 | 0% |
| Канцелярские товары и услуги СМИ | тыс. тенге | 71,46 | 68,06 | -5% |
| Повышение квалификации | тыс. тенге | 37,33 | 35,55 | -5% |
| Амортизация ОФ | тыс. тенге | 127,81 | 0,00 | -100% |
| Материалы на содержание машин, ГСМ и комп. техники | тыс. тенге | 155,07 | 147,69 | -5% |
| Страхование ГПО | тыс. тенге | 10,88 | 10,88 | 0% |
